

**КММ «Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицейінің»
оқушыларына арналған
ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1.Жалпы ережелер

1.1. КММ «Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицейі» (бұдан әрі- мектеп) негізгі іс-әрекеті білім алу болып табылатын оқушыларына арналған Ішкі тәртіп ережелері Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, мектеп Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Ережелер білім беру үрдісін үйлестіреді, бірыңғай мектеп формасына және оқушылардың сыртқы келбетіне қойылатын талаптарды, оқушылар мен олардың заңды өкілдерінің құқықтарын және міндеттерін анықтайды, оқушылардың мекемедегі, мектеп аумағындағы, сонымен қатар сабақтан тыс іс-шаралар уақытындағы тәртібінің негізгі нормалары мен ережелерін белгілейді.

1.3. Осы Ережелердің мақсаты – мектеп қауымдастығының барлық мүшелері – әкімшілік, педагог қызметкерлер, оқушылар мен олардың заңды өкілдері арасындағы өзара сыйластыққа негізделген, оқушылардың табысты академиялық және әлеуметтік өсуін қамтамасыз ететін қауіпсіз қолайлы оқыту ортасын құру.

1.4. Осы Ережелерді мектеп қауымдастығының барлық мүшелері – КММ «Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицейінің» әкімшілігі, педагог қызметкерлері, оқушылар мен олардың заңды өкілдері және басқа қызметкерлері орындауға міндетті.

1.5. Осы Ережелер мектептің көпшілік жүретін және көріп-таныса алатындай бөлігінде, сонымен қатар мектеп сайтында орналастырылады.

1.6 Мектеп әкімшілігі және мұғалімдер осы Ережелермен оқушылар мен олардың заңды өкілдерін келесі жағдайларда қол қойғыза отырып таныстыруға міндетті:

а) лицей сыныбына оқушыларды іріктеу конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдағанда;

б) мектепке қабылдау туралы өтініш жазғанда;

в) ата-аналар мен оқушылар жиналысында, сынып сағаттарында.

1.7. Осы Ережелерде қарастырылмаған мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес шешіледі.

2.Мектептің жұмыс тәртібі және білім беру үрдісінің үйлестірілуі

2.1 КММ «Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицейінің» жұмыс тәртібі мектеп директорымен бекітілетін Ішкі еңбек тәртібімен, жұмыс аптасының ұзақтығы – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-в Еңбек кодексімен анықталады.

2.2. Оқушыларға сабақтан кейін, демалыс және мереке күндері, егер білім беру үрдісіне қатысты болмаса, мектепке келуге тыйым салынады.

2.3. Сабақтар мектеп директорымен бекітілген және директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларымен реттеліп отыратын сабақ кестесіне сәйкес өткізіледі.

Академиялық сағаттың ұзақтығы 40 минут. Сабақтар арасындағы үзіліс 5-30 минуттан кем емес.

Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру барысында оқытушылар «2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатқа және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығымен бекітілген коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмауға байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарындағы оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарына сүйенеді.

2.4. Білім беру үрдісінің жалпы ұзақтығы, оның ішінде оқу жүктемесінің нормасы, оқу күнінің тәртібі мектептің білім беру қызметінің Ережелерімен реттеледі. Оқу жүктемесі және оқу күнінің ұзақтығы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығы және 2020 жылғы 28 тамыздағы өзгертулері №КР ДСМ-98/2020 нормаларынан аспауы тиіс.

2.5. Белгілі бір оқу жылындағы оқу аптасы мен демалыс мерзімі жоғары тұрған ұйымдардың бұйрығы негізінде жыл сайын оқу жылының басталуы туралы бұйрығымен белгіленеді.

2.6. 1-9 сыныптар үшін жұмыс аптасының ұзақтығы 5(бес) күн, лицей сыныптарының оқушылары үшін 6 (алты) күн.

2.7. Коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмауға байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке кіруге тек баланың заңды өкілдеріне ғана, «Ashuq» бағдарламасында жасыл мәртебесі бар болған жағдайда, рұқсат етіледі.

2.8. 5-ші лицей сыныптарына оқу жылын "жақсы" және "өте жақсы" аяқтаған және тестілеу нәтижелері бойынша "Математика", "Жаратылыстану" пәндері бойынша қанағаттанарлық белгілері жоқ 4-сынып оқушылары қабылданады.

2.9. 6-9 лицей сыныптары оқу жылының нәтижелері бойынша екі қанағаттанарлық белгіден аспайтын оқушылар қатарынан жасақталады. Оқушыларды лицей сыныбынан шығару туралы түпкілікті шешімді педагогикалық кеңес қабылдайды.

2.10. 10-шы лицей сыныптарын жинақтау алгебра, геометрия, физика, химия пәндерін тереңдетіп оқуға ниет білдірген және педагогикалық кеңес ұсынған бейіндерді қоспағанда, оқу жылындағы үлгерім нәтижелері бойынша оқу пәндері бойынша бір қанағаттанарлық белгіден аспайтын негізгі орта мектеп түлектерінің қатарынан жүзеге асырылады.

2.11. 5-9 лицей сыныптарынан шығарылған оқушылар ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің қалауы бойынша мектеп-лицейдің жалпы білім беретін сыныптарында немесе қаланың басқа білім беру ұйымдарында оқуын жалғастырады.

2.12. Бос орындар болған кезде лицейлік білім беру сыныптарына қосымша қабылдау оқу жылының нәтижелері бойынша жаратылыстану-математикалық цикл

пәндері бойынша білім сапасының жоғары көрсеткіштері бар және 5-6 сыныптар - "Математика", "жаратылыстану", 7-9 сыныптар - "Математика", "Физика" пәндері бойынша тестілеуден сәтті өткен жалпы білім беретін сынып оқушыларының есебінен жүзеге асырылады,

3. Оқушылардың сыртқы келбетіне және бірыңғай мектеп формасына қойылатын талаптар

МЕКТЕП ФОРМАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІН РЕТТЕЙТІН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІҢ ТАЛДАМАСЫ

1. Конституция бойынша 1-бапқа сәйкес Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып табылады. Тиісінше мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген.
 2. ҚР «Діни қызмет және дін бірлестіктері туралы» Заңның 3-бабының: - Білім беру және тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта; - ешкімнің өзінің діни сенімдері себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңдарында көзделген міндеттерді орындаудан бас тартуға құқығы жоқ;
 3. ҚР «Білім туралы» Заңының 49- бабы 2-тармағының мақтарына сәйкес АТА-АНАЛАР мен өзге де заңды өкілдер: -білім беру ұйымының жарғысында айқындалған ережелерді, білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп нысанына қойылатын талаптарды орындауға; -білім беру ұйымында белгіленген киім нысанын сақтауға; - сондай-ақ балалардың оқу орнындағы сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.
 4. ҚР «Білім туралы» Заңының 47-бабы 15-1-тармағының мақтарына сәйкес орта білім беру ұйымдарында ОҚУШЫЛАР жауапкершілікті. Білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.
 5. Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар және ата-аналар мен оқушылардың міндеттері Мектеп жарғысында бекітілген. Мекемелер, сондай-ақ білім беру қызметтерін көрсету туралы келісімдер және әрбір оқушының ата-аналары мен заңды өкілдері қол қойған Ішкі тәртіп ережелері. МЕКТЕП ФОРМАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІН РЕТТЕЙТІН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІҢ ТАЛДАМАСЫ
 6. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 409-бабының 2-тармағына сәйкес ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер міндетті мектеп нысанына білім беру саласындағы заңнама нормаларын сақтамаған жағдайда айыппұл салынады.
- 3.1. Оқушылардың сыртқы келбеті қоғамда қабылданған іскерлік үлгіде болуы тиіс:
- 3.1.1. ұлдар үшін – классикалық қысқа шаш үлгісі;
 - 3.1.2. қыздар үшін – өрілген ұзын шаш.
 - 3.2. Мектепте ата-аналар комитетінің шешімімен қабылданған үлгідегі бірыңғай мектеп формасы енгізілген.

Қыздар үшін: ақ блузка, жилет, белдемше (ұзындығы офистік), классикалық үлгідегі көк түсті шалбар және пиджак.

Ұлдар үшін: классикалық үлгідегі көк түсті костюм: ұзындығы тобықты жауып тұратын кең шалбар, пиджак, жилетка, галстук. Ақ немесе ашық көк жейде.

3.4. Ұлдар мен қыздар үшін спорт формасы: спорт костюмі (спорт шалбары, ақ футболка), спорттық аяқ киім (кроссовки, кеды).

3.5. Санитарлық талаптарды сақтау мақсатында екінші (ауыстыратын) аяқ киім міндетті түрде болуы керек. Төмен температура жағдайында ата-аналар комитетінің мектеп әкімшілігімен келісілген шешіміне сәйкес оқушыларға мектепке екінші аяқ киімсіз келуге болады.

3.6. Бірыңғай мектеп формасы жағдайында мыналарға жол берілмейді:

3.6.1. өкшесі 4,5 см биік аяқ киім киюге;

3.6.2. діни сипаттағы киімдерді киюге және түрлі белгілерді тағуға (хиджаб, никаб, бурка, паранджа, сикх тюрбандары, иудейлер бас киімі-кипа, крестиктер, айшықтар және т.б.);

3.6.3. ашық киім киюге (ішін, белін, кеудесін жаппайтын);

3.6.4. боянуға, маникюр, татуировка, пирсинг жасауға;

3.6.5. көзіне түсетін кекіл қоюға, шашын ашық түске бояуға;

3.6.6. ұлдарға шаштарын өруге, мұрт және сақал өсіруге.

3.7. Сыртқы келбетіне және мектеп формасына қойылатын талаптар сақталмаған жағдайда педагог, сынып жетекшісі оқушыны заңды өкілімен бірге сыртқы келбетін тәртіпке келтіру үшін үйіне қайтаруға құқылы.

Оқушылар мектеп формасы болмаса сабаққа жіберілмейді.

4. Оқушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері

4.1. Оқушылар құқылы:

4.1.1. білім беру бағдарламасына сәйкес сапалы білім алуға;

4.1.2. кемсітушілік, өшігу, намысына тию, шыдамсыздық таныту сияқты келеңсіз жағдайлар орын алмайтын қауіпсіз және қолайлы оқыту ортасына;

4.1.3. үлгерімі туралы ақпаратты білуге;

4.1.4. оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға;

4.1.5. мектеп мамандары тарапынан әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық және медициналық көмек алуға.

4.2. Оқушылар міндетті:

4.2.1. Осы Ережелердің, мектеп Жарғысының талаптарын, педагогикалық кеңес пен оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының шешімдерін, қауіпсіздік техникасының, өртке қарсы қауіпсіздіктің ережелерін сақтауға; мектеп әкімшілігі мен педагог қызметкерлердің талаптарын орындауға;

4.2.2. білім беру үрдісіне сәйкес сабаққа қатысуға және сабақты себепсіз босатпауға;

4.2.3. білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес білімді, білікті, практикалық дағдыларды меңгеруге;

4.2.4. оқушылармен, әкімшілікпен, педагог қызметкерлермен және оларға теңестірілген тұлғалармен, мектептің басқа қызметкерлерімен сыпайы және шыншыл болуға;

4.2.5. ата-аналарды, заңды өкілдерді үлгерімі, тәртібі, сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру туралы үнемі хабардар етуге;

4.2.6. басқа оқушыларды құрметтеуге, жеке тұлғалардың құқығын бұзатын әрекеттер жасамауға;

4.2.7. мектепте қабылданған бірыңғай мектеп формасын сақтауға, сыртқы келбетіне қарауға;

4.2.8. өз денсаулығына қамқорлықпен қарауға, рухани тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге;

4.2.9.мектеп мүлкін сақтауға; оқулықты және оқу құралдарын, құрал-жабдықты (музыкалық аспаптарды, техникалық оқу құралдарын) ұқыптылықпен қолдануға, оқу орнында тазалықты сақтауға;

4.2.10.әкімшілік, мұғалімдер, сынып жетекшісінің назарына оқушылардың және мектеп қызметкерлерінің денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлар туралы жеткізуге.

4.3. Мектепте білім беру үрдісін өткізу үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ету мақсатында оқушыларға тыйым салынады:

4.3.1.мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз бөтен адамдарды ертіп келуге немесе шақыруға;

4.3.2.сабаққа кір, қыртыс, осы Ережелерде белгіленген іскерлік үлгіге сәйкес келмейтін киімді киіп келуге, түрлі фан-қозғалыстарға, қандай да бір партияларға, діни ағымдарға және т.б. қатысы бар екенін ашық көрсетуге;

4.3.3.мектепте және мектептен тыс жерлерде темекі шегуге, ішімдік ішуге (оның ішінде сыра, джин-тоник және т.б.), есірткіні, психотропты, улы заттарды қолдануға, дөрекі сөйлеуге;

4.3.4.құмарлық ойындармен әуестенуге, спекуляциямен айналысуға;

4.3.5.үшкір және кескіш, жарылғыш, пиротехникалық, химиялық, өрт тудыратын заттарды, темекі, ішімдік, есірткі, улы заттарды, жануарлар мен жәндіктерді және білім беру үрдісінің талаптарына сай келмейтін басқа да заттарды алып келуге;

4.3.6.сабақ, үзіліс, сабақтан тыс іс-шаралар уақытында мұғалімнің, әкімшіліктің рұқсатынсыз суретке түсіруге, бейнежазба жасауға;

4.3.7.қымбат нәрселер алып келуге (электронды және мобильді аппараттар, фото және бейнекамералар, бағалы заттар, үлкен сомадағы ақша және т.б.)

Ережелерде көрсетілген қымбат нәрселердің жоғалғаны үшін мектеп жауап бермейді.

5. Оқушылар тәртібінің Ережелері

5.1. Оқушылар мектепке сабақтың басталуына 10-15 минут қалғанда, таза және үтіктелген мектеп формасында келеді. Сыртқы келбеті осы Ережелердің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.2. Оқушылар сыртқы киімдерін киім ауыстыратын бөлмеде қалдырады, оқу жылы бойында екінші аяқ киімді пайдаланады.

5.3. Сабақтағы тәртібі:

5.3.1. сабақ басталмай тұрып оқу құралдарын дайындап қояды;

5.3.2.мұғалім сыныпқа кіргенде орындарынан тұрып амандасады, мұғалімнің рұқсатымен отырады. Оқушылар сабақ уақытында сыныпқа кіріп келген кез-келген адамға осылай амандасады;

5.3.3.сабаққа бөлінген уақытты тек оқу мақсатында ғана пайдаланады. Сабақ уақытында дауыс көтермейді, сөйлеспейді, ойнамайды, сабаққа қатысы жоқ басқа іс-әрекеттермен айналыспайды.

5.3.4.ұялы телефонды және оқу үрдісіне қатысы жоқ басқа да құрылғыларды қолдануға болмайды. Техникалық құрылғыларды сөндіріп, ұялы телефонды дыбыссыз режимге қояды. Жоғарыда айтылған құрылғыларды қолданған жағдайда мұғалім оларды сабақ аяқталғанша алып қоюға құқылы. Оқушылар осы талаптарды қайтадан бұзатын болса, техникалық құрылғы оқушының заңды өкіліне ғана қайтарылады;

5.3.5.мұғалімнің рұқсатынсыз сыныптан шығуға болмайды;

- 5.3.6. сабақ аяқталған соң сыныптан мұғалімнің рұқсатымен шығады.
- 5.4. Үзіліс уақытындағы тәртібі:
Үзіліс (сабақтар аралығындағы уақыт) келесі жағдайларға арналған:
- 5.4.1. сабақ кестесіне сәйкес басқа кабинетке баруға;
- 5.4.2. демалуға (дәлізде асықпай жүру ұсынылады);
- 5.4.3. тамақтануға;
- 5.4.4. мектеп кітапханасына баруға.
- Мектепте дәліздің оң жағымен жүрген дұрыс.
- Оқушыларға үзілісте тыйым салынады:
- 5.4.5. жүгіруге, шулауға, қатты сөйлеуге, басқалардың демалуына кедергі жасауға;
- 5.4.6. бірін-бірі итеруге, бір-біріне заттарды лақтыруға және күш қолдануға.
- 5.5. Асханадағы тәртібі:
- 5.5.1. мектептің бекітілген жұмыс тәртібіне сәйкес арнайы бөлінген орындарда ғана тамақтанады;
- 5.5.2. гигиена ережелерін сақтайды: асханаға сыртқы киіммен кірмейді, тамақтанар алдында қол жуады;
- 5.5.3. асханаға асықпай кіреді, кезекті бұзбайды, жүгіруге, шулауға, қатты сөйлеуге тыйым салынады;
- 5.5.4. тазалықты сақтайды, өзі тамақтанған ыдыс-аяқты жинайды.
- 5.6. Сабақтан тыс іс-шараларды өткізу кезіндегі тәртібі:
- 5.6.1. мектептен тыс жерде өткізілетін іс-шараларға қатысу алдында қауіпсіздік техникасын сақтау жөніндегі инструктаждан өтуге міндетті;
- 5.6.2. бұқаралық іс-шараларға аппаратын мұғалімнің барлық нұсқауларын қатаң орындайды, өзінің және басқалардың өміріне қауіп төндіретін әрекеттерді жасамауға тиіс;
- 5.6.3. мектепте және мектептен тыс жерлерде мәдениетті болуы, жергілікті салт-дәстүрді құрметтеуі, табиғатты аялауы, тарихи-мәдени ескерткіштерді, жеке және топтың мүлкін сақтауы тиіс;
- 5.6.4. тәртіпке бағынады, белгіленген маршрут бойынша жүреді;
- 5.6.5. жеке гигиена ережелерін қатаң сақтайды, топ жетекшісіне денсаулығының нашарлағаны немесе жарақаттануы туралы уақытылы хабарлайды;
- 5.6.6. ашық от көздерін (сіріңке, петарда, алау, шам, отпашу және басқаларды), өрт тудыратын химиялық, пиротехникалық және басқа құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

6. Оқушылардың босатқан сабақтарын ресімдеу тәртібі

- 6.1. Сабақты босату келесі жағдайларда себепті болып есептеледі:
- 6.1.2. денсаулығына байланысты;
- 6.1.3. дәрігердің қабылдауына баратын болса (анықтама ұсынылады);
- 6.1.4. заңды өкілдердің мектеп директорымен келісілген жазбаша өтініші бойынша отбасы жағдайына байланысты;
- 6.1.5. пәндік олимпиадаларға, жарыстарға және білім беру шеңберіндегі басқа іс-шараларға қатысатын болса.
- 6.2. Денсаулығына байланысты сабақты босатқан жағдайда оқушы бірден сынып жетекшісін хабардар етіп, сабаққа келген күні анықтаманы ұсынады.

6.3. Сабақты мектептен тыс ұйымдардың сұранысы бойынша (спорттық жарыстар, байқаулар, фестивальдер және т.б.) босатқан жағдайда ресімдеу тәртібі төмендегідей болады:

6.3.1. мектептен тыс ұйым Білім басқармасына сұраныс береді;

6.3.2. қалалық білім бөлімінің бұйрығы негізінде мектеп директоры бұйрық шығарады.

7. Оқушыларды мадақтау

7.1. Оқудағы жақсы көрсеткіштері, шығармашылық табыстары, спорттағы жетістіктері, қоғамдық өмірге белсене қатытсқаны үшін оқушылар мадақталады.

7.2. Мадақтау түрлері:

7.2.1. алғыс хат жариялау;

7.2.2. құрмет грамотасымен, мақтау қағазымен марапаттау;

7.2.3. «Жыл оқушысы» атағын беру;

7.2.4. мектеп сайтында мадақтау туралы ақпаратты жариялау.

8. Оқушылардың жауапкершілігі

8.1. Тәртіп бұзушылықтың ауырлық деңгейі бойынша үш түрі болады: - жеңіл;- орташа;- ауыр түрі.

8.2. Жеңіл тәртіп бұзушылыққа жатады:

8.2.1. сабаққа, мектеп жиынына, жалпы мектептік іс-шараларға кешігіп келу (бір тоқсанда екі реттен артық);

8.2.2. белгіленген мектеп формасына сәйкес киінбеу, ұқыпсыздық;

8.2.3. мектепте сыртқы және бас киіммен жүру;

8.2.4. себепсіз үй тапсырмасын орындамау;

8.2.5. арнайы бөлінген орындарда тамақтанбау;

8.2.6. мектеп бөлмелерінде және аумағында тазалықты бұзу.

8.3. Орташа тәртіп бұзушылыққа жатады:

8.3.1. сабақ уақытында тәртіпті бұзу;

8.3.2. сабақты себепсіз босату;

8.3.3. мектепте, оның аумағында және мектептен тыс жерлерде тәртіп ережелерін бұзу;

8.3.4. сабақта, сабақтан тыс іс-шараларда ұялы телефонды, электронды ойындарды және басқа да құрылғыларды қолдану;

8.3.5. мектеп компьютерлерін пайдалану ережелерін бұзу;

8.3.6. сынып жетекшісінің, мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз мектептен кетіп қалу;

8.3.7. құмарлық ойындармен әуестену;

8.3.8. мектеп мүлкін, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін байқаусызда бүлдіру, бұзу;

8.3.9. мемлекеттік рәміздерді білмеу, мемлекеттік әнұранды орындау кезіндегі ережелерді сақтамау;

8.3.10. мектеп қауымдастығының және қонақтарының ар-намысына тию;

8.3.11. дөрекілік, дұрыс сөйлемей;

8.3.12. мектептің, оқушылардың және қызметкерлердің атына кір келтіретін материалдарды тарату;

8.3.13. жеке басына қатысты мәліметтерді, суреттерді, аудиожазбаларды, ақпаратты түсіру, сақтау және оқушылардың, басқа тұлғалардың арасында тарату. Оларды оқушылардың, қызметкерлердің, мектеп әкімшілігінің және басқа да жеке,

занды тұлғалардың алдын ала келісімінсіз БАҚ, оның ішінде әлемдік ғаламдық желіге жіберу. Бұл әрекет олардың құқығын бұзуы мүмкін.

8.3.14.міндетті қоғамдық-пайдалы жұмыстардан және іс-шаралардан бас тарту (сыныпты тазалау, сенбіліктер, «таза» бейсенбілер, практикажәне т.б.);

8.4. Ауыр тәртіп бұзушылыққа жатады:

8.4.1.орташа тәртіп бұзушылықты қайталау;

8.4.2.тілдік, ұлттық, діни, гендерлік белгілері бойынша кемсіту;

8.4.3.діни көзқарасты дәріптеу, ұлт араздығын өршіту, насихаттау, агрессия және зорлық-зомбылық;

8.4.5.темекіге, ішімдікке немесе есірткіге қандай да бір қатысы болса, сабаққа ішімдік ішіп, есірткіні қолданып келу;

8.4.6.үшкір және кескіш, жарылғыш, пиротехникалық, химиялық, өрт тудыратын заттарды, темекі, ішімдік, есірткі, улы заттарды, жануарлар мен жәндіктерді алып келуге;

8.4.7.қымбат нәрселер ұстауға (электронды және мобильді аппараттар, фото және бейнекамералар, бағалы заттар, үлкен сомадағы ақша және т.б.)

8.4.8.мектептің, мектеп қауымдастығы мүшелерінің, басқа да жеке және заңды тұлғалардың мүлкін қасақана бүлдіру;

8.4.9. мектеп қауымдастығының мүшелеріне, басқа да жеке тұлғаларға психологиялық және физикалық тұрғыдан зиян келтіру (ақша талап ету, қорқыту, төбелесу, бұзақылық);

8.4.10.ұрлық, біреудің заттарын рұқсатсыз және мектеп қауымдастығының мүшелеріне, басқа да жеке және заңды тұлғаларға ескертпей пайдалану.

Осы Ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін оқушылар мектеп әкімшілігіне шақырылады және шешім қабылдағанда:

- ата-аналарға ескертіледі;
- ата-аналар мектепке шақырылады;
- мектеп психологына, медицина қызметкеріне жіберіледі;
- сыныптың, мектептің ата-аналар комитетінің, құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысына; әкімшіліктің отырысына, педагогикалық кеңеске шақырылады.

9. Оқушылардың заңды өкілдерімен қарым-қатынасты ұйымдастыру

9.1. Мектеп әкімшілігінің, педагог қызметкерлердің оқушылардың заңды өкілдерімен қарым-қатынасты ұйымдастыру міндеттері:

9.1.1. мектептің өзі-өзі басқару органдары (ата-аналар комитеті) арқылы заңды өкілдерді білім беру үрдісіне тарту;

9.1.2. заңды өкілдерді отбасылық тәрбие мектебі, кеңес беру, дәрістер өткізу арқылы хабардар ету;

9.1.3. заңды өкілдердің кәсіби және жеке тәжірибесін білім беру үрдісінде пайдалану;

9.1.4. заңды өкілдердің мерекелік, спорттық, кәсіби бейімдеу іс-шараларына қатыстыру арқылы белсенділігін қалыптастыру.

9.2. Мектеп әкімшілігінің, педагог қызметкерлердің заңды өкілдермен қарым-қатынасты ұйымдастыру мыналарды көздейді:

9.2.1. отбасының бала тәрбиелеудегі мүмкіндіктерін анықтау;

9.2.2. заңды өкілдерге бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты жақсарту мәселелері бойынша кеңес беру.

9.3. Мектеп әкімшілігі, педагог қызметкерлер заңды өкілдерді хабардар етуге міндетті:

- баланың тәртібі туралы және оның тәртібін түзету мақсатында бірлесіп қажетті шараларды қолдануға;
- ата-аналарға мектепте және оның аумағында орнатылған бейнекамералардың жазбасы берілмейді.

10. Оқушылардың заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері

- 10.1 Заңды өкілдер құқылы:
- 10.1.1.мектептің өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 10.1.2.мектеп жұмысын жақсарту туралы ұсыныстар жасауға;
- 10.1.3.оқушының үлгерімі, тәртібі және оқыту жағдайы туралы ақпаратты білуге;
- 10.1.4.оқушының құқығы мен мүддесін қорғауға;
- 10.1.5.оқушыны басқа мектепке ауыстыруға;
- 10.1.6.келісімшарт негізінде оқушыға арналған қосымша білім беру қызметін пайдалануға;
- 10.1.7. әкімшіліктің келісімімен сабақтарға қатысуға.
- 10.2. Заңды өкілдер міндетті:
- 10.2.1.осы Ережелерді сақтауға және мектеп Жарғысында белгіленген талаптарды орындауға;
- 10.2.2.мектепке келіп-кеткендерді өткізу тәртібін сақтауға;
- 10.2.3.мұғалімдермен сабақтан кейін немесе үзіліс уақытында кездесуге.
- 10.2.4.балаларын сабақтан кейін күтіп алуға, оларды далада, жылдың суық мезгілінде дәлізде күтуге.
- 10.2.5. ата-аналар жиналысына кішкентай баланы ертіп келмеуге.
- 10.2.6.мектепке үлкен сумка, пакет, баланың арбасын алып кіруге болмайды немесе оларды вахтада қалдырады немесе оларды тексеруге рұқсат береді.
- 10.2.7.оқушының денсаулығына қамқорлықпен қарауға, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, зиянды әдеттерден қорғауға;
- 10.2.8. оқушының сабақтан кейінгі уақытта және демалыс кезінде өмірі мен денсаулығы, қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға;
- 10.2.9.оқушыны оқыту мен тәрбиелеуге ықпал етуге;
- 10.2.10.сабақ кестесі мен оқу жүктемесін білуге;
- 10.2.11.оқушының сабаққа уақытылы келуін қамтамасыз етуге, яғни сабақтың басталуына 10-15 минут қалғанда;
- 10.2.12.оқушының сабаққа, оқу үрдісіне қатысы жоқ заттарды алып келмеуін қадағалау;
- 10.2.13.оқушыға сабақ уақытында телефон шалуға;
- 10.2.14.оқушының сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге, себепті жағдайда растайтын құжаттарды ұсынуға. Сабақты босатқан жағдайда оқушының бағдарлама материалын меңгеруіне жағдай жасауға;
- 10.2.15.ата-аналар жиналысына қатысуға және тоқсан сайын оқушының үлгерімі туралы табельге қол қоюға;
- 10.2.16. сынып жетекшісімен байланыста болуға, апта сайын баланың күнделігін тексеруге және соның дәлелі ретінде қол қоюға. Педагогтармен электронды пошта, ұялы байланыс арқылы хабарласқан жағдайда оқушыға қатысты ақпарат алғандығы туралы жауап қайтаруға;

- 10.2.17. мектептің медициналық кабинетіне алдын-ала егуден бас тарту туралы жазбаша өтініш беруге;
- 10.2.18. мектептің беделін түсірмеуге;
- 10.2.19. педагогтар мен басқа қызметкерлерді құрметтеуге;
- 10.2.20. оқушы тарапынан мектепке, мектеп қауымдастығының мүшелеріне, басқа да жеке және заңды тұлғаларға келтірілген шығын орнын толтыруға;
- 10.2.21. мектеп маңында жол жүру ережелерін сақтау, мектеп аумағында көлікті қоймауға;
- 10.2.22. егер оқушы орташа немесе ауыр тәртіп бұзушылық жасаса, жәбірленушіден ауызша немесе жазбаша түрде кешірім сұрауға.

11. Даулы мәселелерді шешу

11. Оқушылар өздігінен немесе заңды өкілдері арқылы мектеп әкімшілігіне шағымдануға құқылы:

11.1. білім беру үрдісін жетілдіру, кітапхананы, асхананы, медициналық қызметті және оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мектептің басқа құрылымдық бөлімшелерінің қызметтерін пайдалану тәртібі туралы және оқушының мүдделерін көздейтін кез-келген мәселелер бойынша өтініш беруге.

11.2. Оқушылардың даулы мәселелер бойынша немесе талап ету шағымдары оқушылардың немесе олардың заңды өкілдерінің мәселенің мән-жайы айтылған және нақты фактілер келтірілген жағдайда қарастырылады. Анонимді өтініштер қарастырылмайды.